

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті биология және экология кафедрасының докторанты Сауле Алибековна Бахбаеваның 6D060700 – Биология мамандығы бойынша философия докторы (phd) ғылыми дәрежесін алуға үсынылған «Қашықтағы ісіктің өсуі жағдайындағы бауырдың құрылымдық өзгерістері және литий карбонатымен түзету» тақырыбына жазылған диссертациясына

Шікір

Бауыр қашықтағы ісіктің өсуі кезінде метастаздардың ең көп таралатын мүшесі болып табылады. Сонымен қатар, бауыр детоксикация және зат алмасудың орталық мүшесі ретінде қатерлі ісік осіруші өнімдердің уытты әсеріне аса сезімтал. Онкологиялық аурулардың тұрақты өсуіне байланысты ағзаның гомеостазын қолдау үшін оның қатерлі жағдайын түзету мақсатында, қашықтағы ісіктің өсуі нәтижесіндегі бауырдың құрылымдық өзгерістерін зерттеу озекті болып табылады. Осыған байланысты С. А. Бахбаеваның диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігінде күмән жоқ, жұмыс жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен, тәжірибедегі сұраптармен және ғылымның дамуымен үндеседі. Аталған салада бұған дейін жекелеген арнайы зерттеу жұмыстары жүргізілмеген.

Зерттеу нәтижелері негізінде автор алғаш рет СВА желілі тышқандардың қашықтағы ісіктің өсуін және литий карбонатымен түзету жағдайларында бауырдың құрылымдық өзегерістерін, түзілуін зерттеді. Зерттеу барысында қашықтағы ісіктің өсу жағдайында гепатоциттердің колемдік және сандық тығыздығының төмендеуі корсетілген. Түйіршікті эндоплазмалық тор цистерналарының көлемдік тығыздығының және тіркелген, сондай-ақ бос полисомалды рибосомалардың сандық тығыздығының төмендеуі, гепатоциттердің акуыз-синтетикалық қызметінің бұзылуы анықталды. Алғаш рет синусоидальды кеңістіктердің көлемдік тығыздығының өсуі, бауыр лимфа алды мөлшерлерінің өсуі - Диссе кеңістіктері және синусоидальды эндотелиальді жасушалардың ісінуі, порталды трактілердің лимфа тамырларының саңылауларының өсуі анықталды. Ісік өсуін түзету үшін литий карбонатын per os және бұлның етке енгізу арқылы гепатоциттердің ультракұрылымдық ұйымдасуына түзетуші әсер етті.

Зерттеулер электрондық микроскопиялық, иммуногистохимиялық және т. б. сияқты қазіргі заманғы әдістемелік деңгейде орындалды және статистика бағдарламасын қолдану арқылы өндөлген. Материал көнтеген ғылыми-практикалық конференцияларда жарияланған және сынақтан откізілген. Жалпы диссертацияның жасушалық биология

және практикалық медицина үшін теориялық және практикалық маңызы зор.

Диссертациялық жұмыстың негізгі ережелері С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде және РГА СБ Цитология және генетика институтының филиалы Клиникалық эксперименталдық лимфология ғылыми зерттеу институтының ғылыми семинарларында және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалып, талқыланды.

Бахбаева С. А. оку үрдісінде белсенді қатысып, өзін сауатты, білімді оқытушы ретінде көрсетті. Диссертант Бахбаева С. А. 2017 және 2018 жылдары РГА СБ Цитология және генетика институтының филиалы Клиникалық эксперименталдық лимфология ғылыми зерттеу институтында ғылыми тағылымдамадан өтті (Ресей).

С. А. Бахбаеваның теориялық және эксперименттік зерттеулері 15 басылымда жарияланды, онда диссертацияның мазмұны толық қамтылды. Оның зерттеу нәтижелері оку үрдісіне және тәжірибеге енгізілген.

2017 жылы Бахбаева С. А «Болашақ» бағдарламасы бойынша ҚР Тұңғыш Президентінің грантын жеңіп алды, аталған жұмыс осы грант бойынша орындалды. С.Бахбаева докторантурада оку кезінде өзін еңбеккор, үйимшыл және жауапты зерттеуші ретінде, мақсаттар мен міндеттерді нақты анықтауға және тұжырымдауға, алынган нәтижелерді талдауға, туындастын қындықтарды еңсеру жолдарын өз бетінше анықтауға қабілетті екендігін көрсете білді. Диссертант алдына койылған зерттеу міндеттерін толық орындауды.

Жоғарыда айтылғандар негізінде ұсынылып отырған диссертацияның маңыздылығы бойынша алынған ғылыми нәтижелер Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі, білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарын қанағаттандырады.

Ауқымды тәжірибелік материал, жұмыста қолданылған заманауи әдістемелік тәсілдер, мәліметтердің теориялық және практикалық маңыздылығы және оның жаңашылдығы С. А. Бахбаеваның жұмысын 6D060700 – Биология мамандығы бойынша докторлық диссертацияларга ұсынған талаптарға сәйкес деп есептеуге мүмкіндік береді, ал авторға 6D060700 – Биология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге лайықты.

**Ғылыми көзесші,
биология ғылымдарының
докторы, С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университетінің
«Биология және Экология»
кафедрасының профессоры**



Ш. М. Жумадина

